

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАР БАСЫЛЫМДАРЫ: ДАМУ ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Серикова Асем Асланбековна E-mail: asemserikova06@gmail.com «Журналистика және қоғаммен байланыс» кафедрасының 1 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, ә.ғ.м., оқытушы – Құрақ Г.А.

Заманыңа қарай көсіл сөзінің де жаны бар сияқты. Заманның өзгерісіне орай, балалар басылымындағы журналистердің өзіндік қалыптасқан тілі мен стилін жаңаша бағытқа өзгертуге мәжбүр. Бала ой-танымы мен санасының өсіп-өрбуі – адамзат дамуының кепілі. Сондықтан бала табиғатын жан жақты зерттеп, талғамы мен танымына құлақ асып, ақпарат 627 дайындау қажет деп есептеймін. Баспа да кешегі күннің баласы мен бүгінгі күннің баласы іспетті бұрынғыдан мүлде бөлек пішінде дамып келеді. Тарихқа көз сүзіп қарасақ, журналистиканың дүниеге келген уақытын қағаздың пайда болуымен байланыстырып жатады. Ал баспа өнертабысының отаны – Қытай елі. 1040-1048 жылдар аралығында Пи Шен есімді ұста арнайы саз кесектің көмегімен иероглифтерден мәтін құрап, маталл пластинкаға смаламен бекітіп жасаған. Алайда бұл әдіс халық арасында таралмай, оң баға алмады. Өйткені, балшық литерлер тез тозып, анық таңбаларды алу қиынға соқты. Оның үстіне күрделі қытай иероглифтерінен хат алу оңай болмады. Отандық ғалымдар мен зерттеушілер қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасы мен мерзімдік басылымдар туралы зерттеу саласында көптеген еңбектер жасады. ХХ ғасыр біздің еліміздің мәдениет тарихындағы ең күрделі және қарама-қайшы кезеңдердің бірі болды. Бір жағынан, кітап басып шығарудың даму қарқыны күшейе түсті, кітап репертуарлары жаңартылды, басылым тираждары ұлғайды, оқырман аудиториясы өсті, авторлар аясы кеңейді, әлемдік ғылым мен мәдениет қазынасына енген ғылыми, көркем, балалар кітаптарының көптеген құнды басылымдары пайда болды. Екінші жағынан, кітапхана қорынан 20-шы жылдары жарық көрген мыңдаған басылымдар алынып, жойылды. Қоғамдық ойдың тарихынан көптеген көрнекті мемлекет қайраткерлерінің, көрнекті кеңестік және шетелдік ғалымдардың, жазушылардың, өнер қайраткерлерінің есімдері сызылып тасталды. Оған дәлел көптеген онжылдықтар бойы Кеңес өкіметі мен цензурамен халық жаулары таңбасын иеленген қазақ жазушылары мен қоғам қайраткерлері А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытовтың және т. б. шығармашылық мұрасын насихаттауға тыйым салынуы. Еңбектері айналымнан алынып, арнайы қоймаларға тасталған. Олардың ішінде сол замандағы балалар ағартушылығына көмегін тигізерлік Ж. Аймауытовтың шығармалары: «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Комплекспен оқыту жолдары»; Мағжан Жұмабаевтың: «Бастауыш мектепте ана тілі» (1923), «Педагогика» (1922), «Сауатты бол» (1926, 1928-1930); Ахмет Байтұрсыновтың: «Әліппе үлкендер үшін», «Қазақ тілі грамматикасы» (1922, 1924), «Әдебиет танытқыш» (1926), «Сауат ашқыш» (1926), «Оқу құралы» (1913, 1914, 1920-1923, 1925, 1927), «Әліп-би» (1924, 1926-1928), «Тіл-Құрал» (1914, 1918, 1920, 1922-1928), «Қырық мысал» (1922), «Жаңа әліппе» (1927). Қазақ тарихында балалар ағарту ісінде үлкен рөл атқарғандардың бірі түркітанушы ғалым, қоғам қайраткері, педагог, көсемсөзші – Ахмет Байтұрсынов болды. 1913-1917 жылдар – Байтұрсыновтың өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Ол сол кездегі Орынборда шығып тұрған жалғыз газет «Қазақтың» редакторы болды. Мұнда Ахмет оқырмандарды қазақ халқының бай рухани мұрасымен таныстырып отырды. Елді білім жарығына, рухани кемелденуге шақырды. Балалар мен жастарды ағарту және әдебиет пен тілтану мәселелеріне тоқталған көптеген мақалаларын жариялап отырды. Еуропа мәдениетіне аса

кеңіл қойып айналысқан ол өзінің мақалаларында Л. Толстой, А. Чехов, М. Лермонтов, В. Короленко, А. Пушкиндермен бірге В. Скотт, Ч. Диккенс, У. Теккерей т. б. есімдерін жиі еске алатын. Әлихан Бөкейханов қазақ мәдениетінің дамуында үлкен рөл атқарды. Қазақ жастары мен балалар ағартушылық басылымдары мен оқулықтарын айтқан кезде қазақтың біртуар зиялы қайраткері М. Жұмабаев туралы айтпасқа болмайды. Өзінің қамшының сабындай қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған, оның асқар асуларынан өлшеусіз нәр бола білген. Қазақ даласының тарихында Мағжан тұңғыш педагогикалық оқулықтарды жазып қалдырғандардың бірі. Оның жазған Педагогика» 1922, «Бастауыш мектепте ана тілі» 1925, «Сауатты бол» 1926 ж. атты оқулықтары елдің әдістеме ғылымдарына және педагогикаға қосқан үлкен үлесі болды. Ол «Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегінде 4 жылдық бастауыш мектептің әрбір жылына арнаған ана тілі пәні бойынша баланың тілін дамыту үшін керекті жаттығулар мен дағдылар жүйесін жасап ұсынған. Жұмабаев ана тіліміздің және осы пәннің қазақ мектептерінде әлі де дұрыс негізге құрылмағаны, оның мектептің төрінен орын ала алмай жатқанына қынжылып, осы күнгі мектеп баласы ана тіліне өзінің тілі емес, мұғалімнің 628 тілі - деп қарайтынын айтқан болатын. Мектептің басты міндеті – біріншіден балаға хат таныту болса, екінші жақтан оны дұрыс сөйлетуге баулу. Мектепте балаға дұрыс тәрбие беру үшін оларды әдебиетпен таныстыру және де баланы дұрыс ұғып, түсініп оқуға үйрету керек деп айтып кеткен болатын. «Педагогика» ғылыми еңбегі 15 бөлімнен тұрады. Мағжан Жұмабаев өзінің педагогикасын 14 ірі бөлімнен құрып, әрбір бөлімінде педагогика ғылымын жан – жақты қарастырып, ағартушылық және ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші ретінде қалдырған. Емлеге дағдыландыру, оқу, жазуға үйрету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрлерімен таныстыру, жазбаша сөзді өркендету, ұғып дағдыландыру. Бұл ағартушы еңбігінің жүргізген бірнеше бағыты. Жұмабаев осы тәрбиенің 4 түрін нақты түсіндіре келіп, былай деген: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгіл болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешімін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...» - деп, М. Жұмабаев балаға берілетін тәрбие мақсатын айқындап берген болатын [1,192-б]. Сурет 1 – Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» ғылыми еңбегінің мақсаты Мағжан өзінің сұлулық, мәдениет, ізгілік туралы ойларын «Құлық сезімдері» деген бөлімде дамыта түседі. Ол халыққа басқа ұлттардың бар жақсысын үйрен де, сөйтіп көтеріл деген. Басқа ұлтты, халықты, жалпы адамзатты сезініп сүйе біл деген өсиет айтып кетеді. Адам шынымен ізгі боламын десе, халық ісі, халыққа пайдасы жолында құрбан бола білу керек екендігін де айта кеткен. Жұмабаев халықты өнер-білімге өзінің педагогикалық еңбектерімен ғана шақырған жоқ болатын. Алдымен ол өзінің өлеңдерінде елді сауаттылыққа, балалардың оқу оқып, білім алуларына үндеді. Партияның XIII съезі қабылдаған «Баспасөз туралы» қарарында пионерлер әдебиеті мен балалар басылымдарын шығару және жасау ісіне, кеңес ұйымдарын, партияларды тарту туралы айтылды. 1924 жылдан бастау алып орталықтан «Вожатый», «Пионер» журналдары басып, шығарыла бастады. Жастар мен балалар басылымдары туралы ресми құжат – РЛКСМ ОК-нің 1925 жылғы 4 мамырдағы «Пионерлер газеті туралы» нұсқау хаты таратылады. Бұл хатта балалар басылымдары жас оқырмандарға басты идеологиялық және де тәрбиелік ықпал көрсетуге міндеттелді. 629 Сурет 2 – Алғашқы басылымдарда көтерілген мәселелер Партия мен комсомол «Пионерская газета» газетінің алдына төмендегі міндеттерді қойды: әрқашан балалардың бұқаралық органы болуға әзір тұру, олардың қажеттігін білу және олардың өмірін көрсету, кеңес мемлекетін

құру жолындағы күрескерлер мен жұмысшыларды әзірлеу, балаларды білім алуға және ол білімдерін еңбекшілер қажеттігіне жұмсауға болашақ коммунистерді даярлау. «Қазақстан пионері» басылымында жауапты қызметтердің бірін атқарған Мамажановтың Қазақстандағы балалар басылымдары туралы айтуынша, газет насихаттаған дүниелердің түрі көп еді. Елдегі жас ұрпақтың бойындағы коммунистік мұраттарға шексіз берілгендікті, социалистік Отанға сүйіспеншілікті бала бойына қалыптастыру пионер газетінің өзегі болды екен. Бұнымен біз Коммунистік партияның өзінің ең жақын көмекшісі және құрамдас бөлігі ретінде жастарға басты назарды аударғанын байқасақ болады. Сол жылдары жарияланған жас тілшілеріміздің тырнақалды мақалалары балаларды әдебиетке, жазушылыққа қызығушылықтарын арттырған болатын. Басылымның сол кездегі жас тілшілері Ә.Нұршайықов, К.Әмірбек, А.Байтанаев, Ұ.Доспанбеті, Н.Оразалин, А.Шымырбаевтар бүгінгі күні елімізде танымал ақын-жазушылар болып саналады. Олар өз шығармашылық жолдарын еске алып, әңгімелеген кезде алдымен «Қазақстан пионері» газеті туралы айтады. Жастар басылымдары тарихы туралы Е.Алдоңғаров «Лениншіл жас» журналының 1925 жылғы №5 санында: «Ел болашағы жастарға баспасөздің шөпті күннің сәулесі өсіретіндей қажет. 1921 жылы Қазақстан мен Түркістан жастары бірігіп газет шығарсын деген қаулы қылғанбыз. Қаулы бойынша «Жас Алаштың» басқы нөмірлері бірге қосып шығарылып жүрді. Жастар мен балаларға арналған мардымды газет не журнал болмағаннан кейін, 22 - жылы «Өртең» газетін шығару мақсатында Қазақстан қол астынан қаражат жинап берді. Газет жарияланған күннен жас буынның өміріндегі бағыт сілтер кеңесшісі, қол ұшын созар көмекшісі, ой бөлісер сырласы болып қалыптасады. Бұл басылымның сол уақыттағы басты мақсаты Қазақстанда өрісі кеңіген бақталастықты жою, отаршылдықпен күресу, жастарды ұйымға баулу еді. Осы үшін газет жоғарыдағыларға жақпай, 6 нөмірден аса алмай сүрінді. 22 жылдың аяғында «Өртең» жабылысымен, Түркістан республикасына барып жастар басылымын шығаратын болып шештік. Бұл «Жас Қайрат» газеті еді». 1927 жылы «Жұмысшы» газетінде басылған Әбділда Тәжібаевтың «Дене тәрбиесіне науқан жүргізілсін» атты мақаласында ол елде балалар мен жастарды сан түрлі спорт үйірмелеріне қатыстыру және оны ұйымдастыру, дене шынықтыру жөнінде орыс тіліндегі көптеген кітаптарды қазақшаға аудару, қазақ жастарының ішінен спорт нұсқаушылары мен спортшыларды даярлау туралы өткір проблемалық мәселелер көтерген болатын. 630 «Лениншіл жастың» редакторы онда жұмыс істеген Асқар Тоқмағанбетовке жастарды газетке жазылуға шақыратындай бір-екі жол өлең жазуға тапсырма береді. Ертеңінде ол мынадай өлең жазып әкеледі: Тоқта! Жолдас! Жазылғаның жоқ па жолдас? Жазылмасаң — жазыл, Өз газетің «Лениншіл жас»! «Оның сәтті шыққаны соншалық, ертеңіне барлығы жатқа айтып кетті», - дейді Асқар өз естеліктерінде [2,239-б]. Онда ол Мағжанның ұлтшылдығының күшеюіне қазақ басылымдарының шығуы, жастардың жұмыла оқуға кірісуі, әр қалаларда мәдениет пен ағарту ұйымдарын ашып, өзара кеңес құруы қатты әсер етті дейді. «Ақ желкен» журналының Кеңес үкіметі тұсындағы аты «Пионер» болғанын білеміз. Әрине ескі мен жаңа нұстаны салыстыру жаңсақ болар. Алайда екі басылымның да ақпаратты беру әдісіне шолу жасау қажет деп есептеймін. 2018 жылдан бері «Ақ Желкеннің» мұқаба бетінің дизайны ауысқан болатын. Оған қоса, 32 беттен 80 бетке дейін толығып, ақпарат ауқымын кеңейте түсті. «Айгөлек» пен «Мөлдір бұлаққа» қарағанда суреттер мен бояулары аз, жасөспірімдерге бағытталған. Алғашқы бетінде, нөмірде оқуға болатын маңызды мақаларға аңдатпа берген. Беттерінің көп бөлігінде танымал адамдармен сұхбаттар орналастырған. Әр мақаланың мазмұнына сай суреттермен, фотоларменмен көркемдеген. Мұқаба бетіне, міндетті түрде журнал ішіндегі кейіпкердің фотосуреттің бейнелеген. Журнал жасөспірімдер аудиториясын қамтиды. Сондықтан ондағы мақаладан да, мәтін бері тәсілінен де жасөспірім балаларға арналған басылым

екенін аңғару қиын емес. Негізгі жарияланымдары отбасылық құндылықтарға, тәрбиеге, әңгімелерге, танымдық сипаттағы дүниелерге арналған. Алайда, журналдың әрбір нөмірінде әнші-актерлердің сұхбаттарын жиі берген. Әрине ол кісілерден де үйренер, түйер тұстары бар шығар. Алайда, бірнеше бетін жұлдыздарға арнау қате деп есептеймін. Мысалы, 2019 жылдың маусын айындағы нөмірінде, бір емес бірнеше актерден сұхбат алған. «Ақ желкен» журналының оқырман тартудағы басты тәсілі – «Ақ желкеннің поштасынан айдарының» болуы. Жас оқырмандар өздерін мазалаған сұрақтарымен, ішкі ойларымен немесе жүрек жарды лебіздерімен бөлісіп отырды. Сондай бір алғыс білдірген 6 сынып оқушысы Әлмира Қамажанованың ұстаздарына арнаған алғысын, тілегін махаббатын жеткізген. «Ақ желкеннің» электрондық поштасына бір топ оқушының шығармашылық жұмыстарын «Жас қалам» айдарына біріктіріп дайындаған. Оған қоса, дайындаған журналист өз ойы мен пікірін білдіріп, авторлардың шығармашылығына қанат бітіре білді. Мысалы, осы айдарды дайындаған журналист Жандарбек Болатбек: «Өлеңдерді оқи отырып, мектеп оқушылары жазғанына бір сеніп, бір сенбедік. Өйткені өлеңдерінде балаң ой, ұйқас қуалау жоқ. Керісінше идеясы дұрыс, айтар ойы анық» деп баға берген [3]. Бұл ақпарат берудегі жаңаша тәсіл деуге болады. Қазіргі күнге дейін жеткен балалар басылымдар саны санаулы. Солардың бірі – Мөлдір бұлақ. Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы, педагог Ыбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесінің идеясымен «Мөлдір бұлақ» деп қойылды. Журналдың негізгі мақсаты да, атауы іспетті балалар мен жас жеткіншектерді бұлақ болып сусындатып, мол дарияға татитындай таза мөлдір нәр мен құнар берсін деген ниетпен бүгінге дейін жарыққа шығып келеді. Алайда журнал кезіндегі танымалдылығын жоғалтқан сыңайлы. Неге дейсіз ғой? 2012 жылы «Мөлдір бұлақ тиражы 30000 данадан асқан. Ал қазіргі уақытта өкінішке орай он мыңан әрең асып отыр. Алайда журнал бетіндегі мақалалардың мазмұны көңілге қонымды. Мысалы, 2019 жылғы ақпан айындағы нөмірінде жас тілші Гүлдана Елубайдың «Қазақ анимациясы қандай деңгейде?» мақаласы жарық көрген болатын. Жаста болса, маңызды мәселелердің шешімін табуға тырысқан. Автордың ойынша, қазақ анимациясының шетелдік мультфильмдерден кемшілігі олар тек қана дайын тарихи мағұлматтарды сол күйінде пайдаланады, ешқандай тың идеялар қолданбайды. Сондықтан балаларды қызықтыру жолында әлі де жұмыстар атқарылу керек деп есептейді. Сондай-ақ өз мақаласында «Қазақ елі» мультфильміне баға беріп, жас оқырмандары жеңіл, түсінікті жеткізе білген. Тілі – қарабайыр емес, қарапайым. 631 Аталмыш журналдың тамыз айындағы нөмірінде жарияланған Таңсықбаева Феруза Нұрланқызының «Әрбір мектеп оқушысы білуі тиіс 5 ұғым» танымдық мақаласы көзіме бірден түсті. Мектеп оқушысына ғана емес, заман талабына сай дамығың келсе де, аталған ұғымдардың көмегі зор. Мақалада «жеке даму, ыңғайлылық аймағы, тайм-менеджмент, прокрастинация және деклорация, медитацияның пайдасы» сынды ұғымдармен толық әрі қарапайым тілмен жеткізген [3]. Мақалаға тұздық ретінде орташа жас шамасы 10-11 құрайтын мектеп оқитын 100 баладан кішігірім сауалнама алған болатынбыз. Бес сұрақты қамтитын сауалнамада «балалар газет-журналына жазылғансыз ба?», «қандай бағыттағы балалар газет-журналын оқисыз?», «қай тілдегі балалар газет-журналы оқисыз?», «ғаламтордан балалар газет-журналын оқисыз ба?», «қандай балалар басылымдарын білесіз?» сынды жеңіл сұрақтарды жаздым. Диаграмма 1 – Сауалнама нәтижесі Сауалнама нәтижесі де мен күткен болжамға сәйкес келді десем де болады. Балалар басылымына жазылғандар саны жазылмағандардан екі еседей аз көрсеткіш көрсетті. Ал көңілді көншітетіндігі – қазақ тілінде оқитындар саны басқа үш нұсқаға қарағанда жоғары нәтиже берді. Алайда жауап берушілер арасында «оқымаймын» дейтіндер де табылды. Оқушылар арасында ғылымнан гөрі көркем-әдебиетке қызығатындар саны көп екен. Ғаламтордан газет-журнал оқу балалар үшін таңсық дүние екенін аңғару қиын емес. Сондықтан осы

саланы қолға алу керек тағы бір қынжылтатын жайт – мектеп оқушыларының балалар басылымдарын білмеуі. Әрине оған баланы кінәлай аламаймыз. Сондықтан бұл олқылықтың орнын толтыруымыз қажет. Бала жаны нәзік, санасы тым бөлек. Баланы адал да таза ұстайтын қоғам ғана болашақты болжай алады. Балалар ересектерге арналған шығармаларды оқи бермейді. Өйткені, олардың ойлау және қабылдау қабілеті шектеулі. Сондықтан, балаларға арнап дүние жазбау деген, оларды елемеу, өз болашағына селқос қарау деген сөз. Жаңа қазақстандық қоғамда балалар басылымдарын білім беру құралы ретінде пайдалануға көптеген мүмкіндіктер бар. Сондай-ақ, ұлттық дәстүрімізге сай жазылған кітаптар мен басылымдардың, интернет порталдардың бала тәрбиесіндегі рөлі ерекше деп санаймын. Жас ұрпақ білім мен ұлттық тәрбиенің негізін өзінің ұлттық мектебінен алатыны сөзсіз. Ұлттық мектеп – ұлттық рухта тәрбие беретін орын. ал ұлттық тәрбие дегеніміз – біздің ұрпақтан ұрпаққа аманаттап отыратын қазынамыз. Бұқаралық ақпарат құралдары – осындай мәселелерді зерделеудің және елге қоғамдық пікірді жеткізудің негізгі құралы. 632 Ұлттық өнеріміздің, мәдениеттің және салт-дәстүріміздің ең жақсы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жастардың санасына сіңіру, сөйтіп, әлемдік рухани өркениеттің биігіне шығу өте маңызды. Бәріміз ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғап келе жатқан өсиет, асыл мұра, ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс ана тілі мен ұлттық мәдениетті қалыптастыруға міндеттіміз. Сонда ғана біз санасы жан-жақты дамыған, ана тілінде еркін сөйлейтін, ұлттық мінезі мен халықтық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз! Егер балалар басылымы тиісті деңгейде жарық көрсе, оны оқып отырып жас ұрпақ өседі! Болашаққа бүгінгі нәтижемен емес, тәтті арманмен көз салайық! Бала – біздің болашағымыз екенін ұмытпай, көпшілікке білім беру үшін мақалалар жазуды тоқтатпайық! Бала тәрбиесі барлық уақыттағы күн тәртібіндегі ең маңызды мәселелердің бірі деп айту артық емес. Бұл сұрақ бүгінгі күні де өзекті. Халық өнері – рухани қазына. Ол өшпес рух пен патриотизмнің қайнар көзі. Қиын қыстау кезеңдерді басынан өткерген халқымыз ештеңеге қарамастан дәстүрлерімізді сақтап қала алды. Біз ғасырлар бойы бізге жеткен бай мұраны болашақ ұрпаққа бере алуымыз керек. Сондықтан баланың толыққанды дамуы үшін мектеп жасына дейінгі балаларға жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіру керек. Бала барлығын білуге әуес, ол өзгерістерді, айналасындағы керемет құбылыстарды сезінуге тырысады. Бәрінен бұрын оның жан-жақты дамуына, тұлғалық өсуі мен тілінің дамуына ата-анасы жауапты. Бала тілінің дамуы әр баланың отбасында қалыптасқан эмоционалды ортаға – әке мен шешеге, ата-әжеге, ересектерге және балаларға байланысты. Баланың басқа адамдармен қарым-қатынасының негізі оның отбасында қалыптасады. Қазіргі технологиялық әлемде ата-аналарға арналған мүмкіндіктер кеңейе түсті. Теледидардағы ертегілер, қойылымдар мен ойындар балалардың дамуына әсер етері анық. Бірақ ата-аналар балалармен күні бойы теледидар алдында бірге отырмауы керек: ертегілерді бірге көріп, олардан не түсінгенін сұрап, баланың сұрақтарына жауап беруі қажет. Олар балаға әңгіменің мазмұнына сүйене отырып, ненің жақсы, ненің жаман екенін түсіндіруі керек. Және балаларға арналған өнер туындыларын сахналық қойылымға айналдырып, жас жеткіншекті кейіпкер ретінде сөйлете білу де маңызды. Бұл әдіс сахнада кейіпкер ретінде ойнайтын баланың жан-жақты дамуына зор ықпал етеді. Онда әдебиетке, мәдениетке және өнерге деген құштарлықты оятады. Сахнада кішкентай рөлдерді ойнай отырып, балалар қарым-қатынас жасауды, әдемі киінуді, ұқыпты жүруді және ересектермен, басқа да балалармен сөйлесуді үйренеді. Диалогтар арқылы бала өз ойын ашық білдіруге де машықтанады. Ата-аналар мен мұғалімдер баланың тілін дамыту мен оны тәрбиелеуде ертегілердің, пьесалар мен қойылымдардың рөлі ерекше екенін ұмытпауы керек. Сөйлесу – белсенді және мақсатты процесс. Оны жүзеге асыру үшін балаға серіктес керек: бірі сұрақ қояды, ал екіншісі жауап

береді. Мектепке дейінгі мекемелердің басты мақсаты – балалардың бір бірімен қарым-қатынасқа түсуі. Балалар құрдастарымен байланыс жасай отырып, сөйлеу тілін дамытады. Сонымен қатар өзінің және серіктесінің қозғалысын үйлестіру және бақылау дағдылары қалыптасады. Үйлестіру және бақылау процесінде сөйлесуден басқа нәрселерге де назар аударылады (мысалы, мимика, ым-ишара, атрибуттар, көлеңкелер, саусақ қимылдары, бет маскалары, қуыршақтар, жұмыс үстелі). Бұл жерде мен трафареттік қойылым әдісіне көңіл бөлдім. Оның көмегімен лексиканы, диалогты, монологты дамытуға болады. Бұл жұмыста балалар дайын үлгілерді (түрлі-түсті бояулармен боялған, қайшымен қиылған дайын кескіндерді) пайдалана отырып, болашақ кейіпкерлердің суреттерін салады. Бұл балалар шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Бірігіп жұмыс істеу процесінде әр баланың қиялы жеке ескеріледі. Бұл трафаретпен жұмыс жасау кезінде әр бала кескіннің көрінісі мен қозғалысын өзгерте алатындығына байланысты. Мәселен, жүгіріп бара жатқан қоянның бейнесі және т.б. Дайындық кезеңінен кейін, біз негізгі кезеңге – сөйлеуге көшеміз. Бұл кезеңде балалар ертегі кейіпкерлерімен қарым-қатынас жасайды. Жұмыс жұппен орындалуы керек. Әр бала өзіне серіктес таңдайды. Жұптық жұмыс барасында мен ойынға кім ынталы, кім қатысқысы келмейтінін бақылаймын. Диалог кезінде балалар бір-бірімен сөйлеседі, мұнда автор сөзі 633 болмайды. Рөлдік ойындар балалардың тілін, сөйлеу және ойлау мәдениетін, дүниетанымын дамытуда тиімді нәтижелер береді. Рөлде ойнаған бала өзін кейіпкермен (батыр, шешен) салыстырады және кейіпкердің жақсы қасиеттерін алуға тырысады. Мақал-мәтелдерді қолдану барысында әдеби сөйлеуге дағдыланып, сөздік қорын молайтады, халқымыздың інжу-маржандарын үйренеді. Ұлы ғалым, философ Әбу Насыр әл Фарабидың айтуынша, тәрбиесіз алған білім адамзаттың қас жауы және ол болашақта да адам өміріне қауіп төндіреді. Белгілі қоғам қайраткері, ақын М.Шахановның «халық алдымен ұлттық рухқа ие болуы керек» деген сөзін есте сақтау және еліміздің жарқын болашағы үшін жұмыстану маңызды міндеттеріміздің бірі. Еліміздің ертеңі – жас ұрпақты тәрбиелеуде қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін пайдалана отырып, балаларды ұлттық рух пен білімге баулу біздің қолымызда екенін ұмытпайық! Сондықтан, егер бірігіп жұмыс істесек, біз үшін қол жетпес қамал болмайтынына сенімдімін! Балалар басылымдары жеткіншектерге тек рухани азық емес, сонымен қатар рухани ағартушы да. Балалар туындыларына келер болсақ, жас журналистердің қоғамдық өмірге бейімделуі, оқу аяқталғаннан кейінгі тәжірибе және жұмысқа орналасуы балалар мен жасөспірімдерге арналған газет-журналдар санының азаюына алып келеді деп саналады. Республикалық «Ұлан» газетінің бұрынғы редакторы және Қазақстандағы көрнекті ағартушы Сұлтан Қалиұлы үкімет жастар басылымдарын сақтауға көмектесуі керек дейді. Жаңадан ашылған бұлақтың қай арнаға құятыны – таза өзенге қосыла ма, әлде су ішінде жоғала ма – табиғаттың әсеріне байланысты. Әдебиеттің рухани және эмоционалды әсері де әлі оң-солын танымаған бала үшін дәл сондай. Қалыптасқан іргелі дәстүрлердің тарихы мен тәжірибесіне негізделген әдебиет, реализм, романтизм бейнелері, уақыт сырларының нақты әрі тірі дәлелі іспетті, және олар балаларға батылдықтың, отансүйгіштік пен имандылықтың керемет үлгісін танытады. Балалар әлемі – ерекше, күрделі және қызықты әлем. Журналистік қоғамдастық үшін үлкен міндет – сол әлемге еркін кіру, кез-келген ұсақ-түйектерді мұқият танып, оларға саналы түрде көңіл бөлу. Осыны жеткізу үшін, сіз балалар жазушысы болып туылуыңыз керек. Себебі балалардың ойлау, әлемді тану және өзара әрекеттесу тәсілдері әртүрлі. Соны түсініп, жас жеткіншек тілімен суреттей білу – нағыз шеберлік. Түрлері өте көп, сондықтан айту қиын. Сондықтан әдебиет оларды қалай көрсетеді, нені көрсетеді, дәуір мен уақыттың құпиясын қалай суреттейді деген сұрақ ешқашан күн тәртібінен түспейді.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:** 1.Өзбекұлы С. Арыстары Алаштың: тарихи очерктер. — Алматы: Жеті жарғы, 1998. — 192 б. 2.Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860–1958). — Алматы: Мектеп, 1981. — 239 б. 3.Болатбек Ж. «Жас қалам» айдарын құрастырған. // Ақ желкен, 06.2019. №6 4. Табыс Қ. Оқушыларға арналған Hour of code. // Ұлан, 03.12.2019.